

Қошке Кемеңгеровтің әдеби сынға қосқан үлесі

Ш. Б. Сағатова

Абай, Шоқан, Ыбырай – қазақ халқының үш алыбы. Абай халықтың санасы болса, Шоқан, Ыбырайлар өзінше жеке-жеке тұлғалары бар тұлғалар. Қазақтың жазба әдебиетіне арна салып кеткен саңлақтар. Біз бұл жерде үш алыптың артына қалдырған бағасыз мұрасы мен өлшеусіз ұлағатынан әдебиетке қатысын ғана айтып отырмыз. Бүгінгі таңда Абай, Шоқан, Ыбырай мұралары жан-жақты зерттеліп, қазақ халқының таусылмас рухани байлығына айналған. Қазақ әдебиеті тарихынан өз орындарын алған тұлғалар.

Қошке Кемеңгерұлы – Абай, Шоқан, Ыбырай жайында алғаш сөз қозғағандардың бірі. ХХ ғасырдың басында қазақ жазба әдебиеті жаңа ғана қаз-қаз басып, тұрып келе жатқан шағында еді. Сонымен қатар бұрынғы мұраға да көз салып, жинап, зерттеп, әдебиет тарихының негізі жазыла бастады.

Абай мұралары 1922 жылы Қазанда, соңынан Ташкенте басылып шықты. Осы аумалы-тоқпелі заманда солшыл саясаттың әсерінен Абайға деген теріс көзқарастар болғаны тарихтан мәлім. Қазаққа ақын-жазушыларының арасында Абай мұралары жайында айтыстыр туды. Қошкенің жетістігі - Абайдың ұлылығын дер кезінде көруі. Қошке Абай шығармаларына көзқарасы жайлы «Қазақ тарихынан» (М., 1924) кітабынан «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ». 1926, I-декабрь) мақаласына жазады. «Қазақ тарихынан» [1] кітабы жайында айта кетейік.

Алғы сөзіне Ғаббас Тоғжанов былай пікір жазған: «Біздің қазақ әлі кітапқа кедей. Әсіресе қазақ тарихынан кітап жоқ. Мына қолдарыңыздағы кітапша қазақ баспасөзіне қазақтың саяси тарих тұрмысынан жасаған тұңғыш кітапша «Қазақ тарихынан» [2] кітабына Қ.Кемеңгерұлы қазақ халқының Ресейге қосылуынан бұрынғы тарихынан бастап кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі (1923-1924 ж.) жағдайларына шолу жасайды. Кітап үлкен бес бөлімнен тұрады.

I бөлімінде Қазақ автономиясының төрт жасқа толған кезіндегі қазақ халқының шаруа, мәдени, рухани жақтарын өткен тарихпен салыстыра отырып, олардың ара салмағын ашып көрсетеді.

II бөлімде қазақтың патшалық Ресейдің қол астына кіруімен оның қазақты меңгеруі егжей-тегжейлі сөз болады.

III бөлімде патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатының зобалаңы мен халықтың оған қарсы шығуы суреттеледі. Бұларды сала-салаға бөліп, жеке-жеке қарастырады. Мұнда патша үкіметі тұсында теріс саясаттың тегеурінінен қазақтың азуға, құруға бет алғаның сипаттайды.

IV бөлімде патша үкіметінің шоқындыру саясатына қарсы шыққан қазақтың ұлы перзенттері - Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев және ХХ ғасырдың басындағы ақын-жазушылары, қоғам қайраткерлері туралы

Абай, Шоқан, Ыбырай – қазақ халқының үш алыбы. Абай халықтың санасы болса, Шоқан, Ыбырайлар өзінше жеке-жеке тұлғалары бар тұлғалар. Қазақтың жазба әдебиетіне арна салып кеткен саңлақтар. Біз бұл жерде үш алыптың артына қалдырған бағасыз мұрасы мен өлшеусіз ұлағатынан әдебиетке қатысын ғана айтып отырмыз. Бүгінгі таңда Абай, Шоқан, Ыбырай мұралары жан-жақты зерттеліп, қазақ халқының таусылмас рухани байлығына айналған. Қазақ әдебиеті тарихынан өз орындарын алған тұлғалар.

Қошке Кемеңгерұлы – Абай, Шоқан, Ыбырай жайында алғаш сөз қозғағандардың бірі. ХХ ғасырдың басында қазақ жазба әдебиеті жаңа ғана қаз-қаз басып, тұрып келе жатқан шағында еді. Сонымен қатар бұрынғы мұраға да көз салып, жинап, зерттеп, әдебиет тарихының негізі жазыла бастады.

Абай мұралары 1922 жылы Қазанда, соңынан Ташкенте басылып шықты. Осы аумалы-тоқпелі заманда солшыл саясаттың әсерінен Абайға деген теріс көзқарастар болғаны тарихтан мәлім. Қазаққа ақын-жазушыларының арасында Абай мұралары жайында айтыстыр туды. Қошкенің жетістігі - Абайдың ұлылығын дер кезінде көруі. Қошке Абай шығармаларына көзқарасы жайлы «Қазақ тарихынан» (М., 1924) кітабынан «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ».1926, I-декабрь) мақаласына жазады. «Қазақ тарихынан»[1] кітабы жайында айта кетейік.

Алғы сөзіне Ғаббас Тоғжанов былай пікір жазған: «Біздің қазақ әлі кітапқа кедей. Әсіресе қазақ тарихынан кітап жоқ. Мына қолдарыңыздағы кітапша қазақ баспасөзіне қазақтың саяси тарих тұрмысынан жасаған тұңғыш кітапша «Қазақ тарихынан» [2] кітабына Қ.Кемеңгерұлы қазақ халқының Ресейге қосылуынан бұрынғы тарихынан бастап кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі (1923-1924 ж.) жағдайларына шолу жасайды. Кітап үлкен бес бөлімнен тұрады.

I бөлімінде Қазақ автономиясының төрт жасқа толған кезіндегі қазақ халқының шаруа, мәдени, рухани жақтарын өткен тарихпен салыстыра отырып, олардың ара салмағын ашып көрсетеді.

II бөлімде қазақтың патшалық Ресейдің қол астына кіруімен оның қазақты меңгеруі егжей-тегжейлі сөз болады.

III бөлімде патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатының зобалаңы мен халықтың оған қарсы шығуы суреттеледі. Бұларды сала-салаға бөліп, жеке-жеке қарастырады. Мұнда патша үкіметі тұсында теріс саясаттың тегеурінінен қазақтың азуға, құруға бет алғаның сипаттайды.

IV бөлімде патша үкіметінің шоқындыру саясатына қарсы шыққан қазақтың ұлы перзенттері - Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев және ХХ ғасырдың басындағы ақын-жіазушылары, қоғам қайраткерлері туралы

біраз мағлұмат береді. Бұл бөлім 1916 жылғы – июнь жарлығы шықаннан кейінгі жай-күймен аяқталады.

V бөлімде кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі қазақ халқының шаруашылығына, мәдениетіне, рухани байлығына таддау жасап, жетістігін айтумен қатар «өлгенін жасырсаң, көмгенде кайтесің» дей отырып, кемшіліктерін де көрсетеді.

Жаңа айтып кеткеніміздей, осы кітаптың IV бөлімінде Абай жайында каламгердің ойы жазылады.

«...Абай өлендері ерте жазылса да мезгілінде басылмағандықтан жалпы қазаққа тиісті әсер бере алмады. Алғаш ұлт әдебиетіне өрнек берген, әлеумет тұрмысын толық тексерген, идеалға сілтеген Абай болды» [3, 161-б] -деп, бағалай отырып, Абайдың өлендерінен мысалдар келтіреді.

Абай шығармаларынан үлкен орын алатын такырып - өнер, білім. Осы саладағы өлеңдерден Қошке «Интернатта оқып жүріп» талдайды.

«Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой...
Военный қызмет іздеме,
Оқалы киім киуге.
Қызмет қылма оязға
Жанбай жатып сөнуге,-

деп қазақтың орыс мектебінде оқығандарының адамшылықты ойламай атақ, шен іздегендерін, оязға жағынып, мендіктен айырылғандарын мінездейді»[2, 73-б] - дейді.

Қошке неге осы өленді, дәл осы шумақты мысалға келтіріп отыр? Абай жастарды білім алсын, адам болсын дейді. Осы жастардың көбіннің босқа салпылдап, тілмаш, адвокат болғандарына мәз болып, шен қуғандарына күйінеді. Осылай мінездеп келіп, әділ жол сілтейді.

Абай өлендерінің ішіндегі үлкен бір саласы – сатира.

Қошке осы сатиралық шығармаларының біразына тоқталған. Кітаптың III бөлімінде «Мінез-құлық жайлы» сөз болғанда Абайдың «Мәз боладың болысың» өленнен мысал келтіріп:

«Мәз боладың болысың
Арқаға ұлық қаққанға,
Шелтірейтіп орысың
Шенді шекпен жапқанға, -

деген жағынғанды толық суреттейді. Ел арасында көпшіліктің ұлыққа жағышуы сол дәрежеде : адамшылық, мендігін жоғалтып, жансыз нәрседей болып кетті [3, 161-б], - дейді.

Қошкенің айтпақ ойы онын келтірген шумағынан-ақ көрініп тұрғандай. Ол болыстардың әлгі қылығын қасиетті кетіру, арды төгу деп біледі. Қошке болыс-сөзімен емес, Абай өлеңдерінен келтіруінің өзінде үлкен мән бар. М.Әуезов айтқандай: «Абай - өз халқының шын қоғамдық мүдделерін бейнелеген ақын»[4,39-б].

«Кейбірі пірге қол берген
Іші залым, сырты абыз -
деп, елді алдаған иман, қожа, молда, қажыларды мінездейді»[2,77-6] – дейді.

Өлеңнің басында ақын, ел басының берекесі кетті, тыныштықтан біздің қазақ беже қашады, оларға тыныш өмір сүру дегенің жат секілді деп күйзеледі. Зәкүншіліктердің өзінен әділдікті таппайсың дей келіп, діни бақсыларға тоқталған болатын. Таза дінге, оның адамгершілік қасиеттерін уағыздайтын шынайлығына Абай да қарсы емес, оның айтып отырғаны – асылдың құнын төмендетуге тырысатын шала молдалар. Қошке әдейі осы жолды таңдап алып, дін басылардың адам түгіл құдайдан қорықпайтынын алдарына тартып отыр.

Ал, «Бойы бұлғақ» өлеңі туралы:

«Ел шабылды,

Мал сабылды

Ұрлық-өтірік гуде-гу.

Басы баспақ,

Биі саспақ.

Әулекі аспақ сыпыра қу, –

деп, берекесі кеткен елді мінездейді»[5], - дейді.

Осы үзінді өлеңнің негізгі түйіні сияқты. Елдегі берекетсіздік, мінез-құлқының ұнамсыздығы, андысқан-шабысқан әрекеттер – бәрі ақынның ызасын келтіріп, ашуландырады. Қошке бұл шумақты ақынның ойын ашып көрсетіп тұрғандықтан алған болуы керек.

Сатира Абай шығармаларының аса мол да құнды саласы болса, Қошке Кеменгерұлы осы саланы бағалай білді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ өмірін сөз еткенде Абайдың сыншыл да шыншыл сатирасын тілге тиек етуі де сондықтан.

Қошкенің Абай жайлы сөз еткен келесі еңбегі – «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ» 1926 ж., желтоқсанның бірі) мақаласы. Бұл мақала 1926 жылғы «Еңбекші қазақ» газетінің 227-228 сандарында басылған. С.Мұқановтың «Көркем әдебиет туралы» мақаласына жауап ретінде жазылды. Осы тақырыпта сол жылдары баспасөз бетінде үлкен айтыс өрбігені баршаға мәлім. Оған қазақ әдебиетінің болашағына немқұрайлы қарай алмайтын қаламгерлер қатысып, өз пікірлерін айтты.

Қошке осы мақаласында Сабиттің бұдан бұрынғы адасуларын айта отырып: «Ертеректе Абай мен Ақанды іске жарағысыз қылған Сәбит бүгін «ұлтшылдықты отаршылдық туғызды» деп, «Масаны» әжетке жаратып, «Заманды әркім билемек» деп Абайдан мысал келтіріп отыр», - дейді. Бұл, сірә, С.Мұқановтың «Еңбекші қазақ» шыққан газетінің 1923 жылы шыққан 69 санындағы «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер» деген мақаласындағы адасу ойларын ескере отырып айтқаны болар. Абайдың ұлылығын мойындап, көркем сөзінің пірі тұтқан, ұлағатты ұстазына балаған Қошке Абай сөздерін өзінің ойларының сарапшысы етіп отырған. Өз ойларына Абайдан мысал келтіріп, әділдікке ұмтылған. Сондықтан да ол осы мақаласын былай аяқтайды: «Қандай ұйым болса да, оның негізі - көркем

«Кейбірі пірге қол берген

Іші залым, сырты абыз -

деп, елді алдаған иман, қожа, молда, қажыларды мінездейді»[2,77-б] – дейді.

Өлеңнің басында ақын, ел басының берекесі кетті, тыныштықтан біздің қазақ безе қашады, оларға тыныш өмір сүру дегенің жат секілді деп күйзелейді. Зәкүншіліктердің өзінен әділдікті таппайсың дей келіп, діни бақыстарға тоқталған болатын. Таза дінге, оның адамгершілік қасиеттерін уағыздайтын шынайлығына Абай да қарсы емес, оның айтып отырғаны – асылдың құнын төмендетуге тырысатын шала молдалар. Қошке әдейі осы жолды таңдап алып, дін басылардың адам түгіл құдайдан қорықпайтынын алдарына тартып отыр.

Ал, «Бойы бұлғақ» өлеңі туралы:

«Ел шабылды,

Мал сабылды

Ұрлық-өтірік гуде-гу.

Басы баспақ,

Биі саспақ.

Әулекі аспақ сыпыра ку, –

деп, берекесі кеткен елді мінездейді»[5], - дейді.

Осы үзінді өлеңнің негізгі түйіні сияқты. Елдегі берекетсіздік, мінез-құлқының ұнамсыздығы, андысқан-шабысқан әрекеттер – бәрі ақынның ызасын келтіріп, ашуландырады. Қошке бұл шумақты ақынның ойын ашып көрсетіп тұрғандықтан алған болуы керек.

Сатира Абай шығармаларының аса мол да құнды саласы болса, Қошке Кеменгерұлы осы саланы бағалай білді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ өмірін сөз еткенде Абайдың сыншыл да шыншыл сатирасын тілге тиек етуі де сондықтан.

Қошкенің Абай жайлы сөз еткен келесі еңбегі – «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ» 1926 ж., желтоқсанның бірі) мақаласы. Бұл мақала 1926 жылғы «Еңбекші қазақ» газетінің 227-228 сандарында басылған. С.Мұқановтың «Көркем әдебиет туралы» мақаласына жауап ретінде жазылды. Осы тақырыпта сол жылдары баспасөз бетінде үлкен айтыс өрбігені баршаға мәлім. Оған қазақ әдебиетінің болашағына немқұрайлы қарай алмайтын қаламгерлер қатысып, өз пікірлерін айтты.

Қошке осы мақаласында Сабиттің бұдан бұрынғы адасуларын айта отырып: «Ертеректе Абай мен Ақанды іске жарағысыз қылған Сәбит бүгін «ұлтшылдықты отаршылдық туғызды» деп, «Масаны» әжетке жаратып, «Заманды әркім билемек» деп Абайдан мысал келтіріп отыр», - дейді. Бұл, сірә, С.Мұқановтың «Еңбекші қазақ» шыққан газетінің 1923 жылы шыққан 69 санындағы «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер» деген мақаласындағы адасу ойларын ескере отырып айтқаны болар. Абайдың ұлылығын мойындап, көркем сөзінің пірі тұтқан, ұлағатты ұстазына балаған Қошке Абай сөздерін өзінің ойларының сарапшысы етіп отырған. Өз ойларына Абайдан мысал келтіріп, әділдікке ұмтылған. Сондықтан да ол осы мақаласын былай аяқтайды: «Қандай ұйым болса да, оның негізі - көркем

әдебиетті гүлдендіру болу керек». «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын дегенде» Абай пәлсекеш болғандықтан мазмұнға артық баға беріп отыр. Пікірі жағынан мазмұны алтын болса, сұлулық жағынан түрі де алтын болу керек дегенді ұран қылу»[2, 76-б].

Бүгінгі күнде Абайдың ұлылығын барша адамзат танып білген кез. Ақынның әдеби мұрасы жан-жақты зерттеліп, өз бағасын алды. Әлі де жаңа қырларынан зерттеле бермек. Бұл- біздің таусылмас рухани қайнар көзіміз.

Қошке Кемеңгеровтің Абай шығармаларын зерттеудегі үлесі қандай? Қошке пікірінің құндылығы - оның ХХ ғасырдың басында аумалы-төкпелі заманда дұрыс пікір болып алғашқы айтылуында.

Қошке «Қазақ тарихынан» кітабында қазақтың бір туар ұлдарының бірі Шоқан Уәлиханов жайында біраз мағлұмат береді. Шоқан халықтың мұңын жоқтаушы, қазақты оқу-білімге, мәдениетке жетуде жол ашуды көксеген азамат дейді.

«Қазақтың оқыған азаматынан ең бірінші бұқараның мұңын жоқтаған, ұлтшылды негізін салған Шоқан Уәлиханов болды. Бұл діни фанатизмге қарсы болып, қазақты орыс үкіметі арқылы Еуропаның мәдениетімен құшақтастырамын деп ойлайды»[2, 75-б].

Осылай дей келіп, отаршыл үкіметтің бұл пікірлерін қабылдамақ түгіл, тыңдағысы да келмегенін, Шоқанның талабын қабылдамақ түгіл, тыңдағысы да келмегенін Шоқанның талабы болмай тауы шашылғанын айтады. Бұдан кейін Шоқан Черняевпен Түркістанға кетеді. Мұндағы орыс әскерлерінің өз халқына жасаған зорлықтарына шыдамай қырға кетіп қалады.

«Шоқанның пікірлес, замандас қазақ жолдасы жоқ болғандықтан және Шоқанның пікірлері бір жерге жиналып кітап болып ерте жарық дүниеге шықпағандықтан кейінгі азаматтарымызға мезгілімен әсер бере алмады»[2,77-б], - деп Шоқан мұраларының бағалануы кенжелеп қалғанына қынжылады. Шоқанның ұлылығын алғаш айтып, оған баға берушілердің бірі Қошке болды.

Осы еңбегінде қазақтан шыққан тұңғыш ұстаз, ағартушы-демократ Ыбырай Алтынсарин қызметін тілге тиек ете кеткен. Ыбырайдың діни фанатизмге қарсы болғанын, халықтың көзін ашып жастарға оқу үйрету мақсатында еңбек еткенін айтады. Ыбырай миссионерлердің мақсатына қосыла алмайды. «...Бірақ ақырғы кезде Алтынсарин да орыс төрешілеріне наразы болып, орыстан безіп, қырда өлді», - дейді. Отарлау саясатының көздегенін ұғынып, әділетсіздікке көне алмағандығын айтады.

Қошкенің тағы бір тоқталып жазған адамы - қоғам қайраткері, әдебиетші қазақтың аяулы ұлы Әлихан Бөкейханов. Әлиханның қазаққа жасаған еңбегі ұшан теңіз. Жүрегі халқым деп соққан азамат туған елінің тұрмысын жақсартып, мәдениеті дамыған ел қатарына қосуды арман еткен. Көзі ашық көреген Әлихан бұны бірден-бір жолы екенін білді.

«Үкіметтің қара қуған жасаған күндерінде, айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана

азамат тобы болды. Бұл топты баулыған Әлихан. Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: қазақтың әдеби тілі тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі»[2,76-6],- деп Әлиханның ең алдымен азаматтығына баға берген. Бұндай пікір қарасақ, мәнінін де қаншалықты жоғары екендігін көреміз. Әлихан қазаққа батыс мәдениетін үйрету арқылы жетістіктерге жетуге болады деген көзқараста болғанын айтады.

Қошке: «Қазақ шаруасының түрі өзгермей мәдениет болмайды деген пікірмен орыс төрелері жаңа жол көрсету үшін 1888 жылдан бастап «Ақмола хабарларына» қосымша ретінде «Дала уәлаяты» деген газет шығартты,- дейді. Осы газеттің мақсаты жайлы У.Субханбердина былай дейді: «Дала уәлаяты» газеті патша үкіметінің ресми істерін насихаттады, отаршылдық саясатын үгіттеді. Осындай мақсаттағы газеттен қазақтың тұңғыш ғалымы, Ш.Уәлихановтың, классик ақын Абай Құнанбаевтың, ағартушы әрі жазушы Ы.Алтынсариннің, ғалым, тарихшы, жазушылар Мәшһүр -Жүсіп Көпеев пен Шәкәрім Құдайбердіұлы, қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханұлының мақала хабарларымен қатар, олар туралы материалдар да оқуға болатын еді»[6, 6-6].

Қошке- Әлиханның осы «Дала уәлаяты» газетінің беттеріне шыққан мақала, шығармаларын ерекше бағалайды. Халық үшін, қоғам үшін көп дүниелер, құнды көзқарастар жазғанын айтады. «Мұнда қазақтың оқыған азаматтарының бірсыпырасы жазушы болса да, іске татар маңызды сөздер, әлеумет мәселелері Әлихан Бөкейханов пен Жүсіп Көбеевтің қаламынан-ақ шыққан көрінеді. Әлиханның бұқараны жақтағандығы Шоқанның кітабын оқысын ниетімен,өзі жол салсын, әйтеуір соқырға таяқ ұстатқандай көрініп тұрды»[2,77-6],- деп, Әлиханның ізгілікті ісіне сүйсінеді.

«Дала уәлаяты» газетінің қасында Үкімет отырды. Сондықтан ойындағысын айтып, құлашын жаза алмады. Үнемі қыспақта отырды дейді.

Осы еңбекте А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың еңбектері аталады. Бұл екі тұлғаның қазақ қызметіне, әлеуметі үшін орны ерекше. Халық санасын оята жар салып, несібесінің қолды болмауына шыр-пыр болып жаны күйгендер. Қошке «Қырық мысал» мен «Оян, қазақты» ғана алып мысалға келтіруі тегін емес. Қошкенің өзіне сөз берейік. «Жалғыз-ақ нағыз қазақ тілімен А.Байтұрсынов «Қырық мысалды» жазды. Қазақ елінің әр түрлі тұрмыстық жұмбақтарына кездесіп, даң болып тұрған жұмбақтарын шешкендіктен елді оятқан үлкен көш болды, тақпақты сүйетін қазақ бұл екі кітапты үлгі орнында ұстап, мысал ретінде айтатын болды» [2]. Бұған қосар сөз жоқ. Қошке осы тұлғалардың бәрін уақытында бағалай білді. Өз ойын батыл айтты. Азаматтығын көрсетті. Қошке «Қазақ» газетінің арқалаған жүгінің маңызын айта кетеді. Ғалия медресесі шәкірттерінің де осы «Қазақ» газетінің жолын қуаттанғанын айтады. «Қазақ»газетіне шыққан «Бақытсыз Жамал», «Қалың мал», «Азамат», «Маса» және Шәкәрімнің поэмалары, шежіресі, айнасы, Қараштың «Аға тұлпар», «Бала тұлпар» сияқты шығармаларды атайды.

Газеттің мақсатын: «... «Қазақ» газеті саясат ауруын қара тамыршы болып үкіметтің арам ойлы сырларын қазақтың кестелі тілі мен қалын қазаққа ұғындырып отырды»[2], - дейді.

Әдебиетші ретінде қазақ әдебиетінің өркен жаюына бөгетін туғызған себептерді атап айтады. Қаламгер пікірінше бірінші, «Қазақта» «прописанной буржуазияның» болмағандығы. Қазақ жазушыларының кітаптарын шығару мүмкіндіктері тым қиын болғанын айтады. Кітапты бастыру үшін Қазанға барғанын дәлел ретінде келтіреді. Екіншіден, қазақта баспахананың болмауы. Тағы бір қосатыны, қазақ оқығандарының қолға алған істеріне шыдамдылық көрсетіп, табанды болмауы, талантын шындалауы дейді. Сонымен бірге тым қазақшыл болып, басқа тілді мүлде кіргізбеуге тырысқандық және 300 жыл тарихи дәуірді басынан салыстырып, Белинский болып Пушкинді іздейміз. Бізде кешірімді сын «сабасына қарай піспегі» деген сын болмады»[1] - деп дұрыс айтады.

Әдебиетіміздің жаңашыры осындай тұжырымдар жасау арқылы кемшіліктерді жоюды ниет етеді. Айтып кеткеніміздей, Кемеңгерұлы сыни еңбектерінің құндылығы – уақытынан кешікпей дөп басып көре білгендігі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кемеңгерұлы. Қазақ тарихынан. М., 1925.
2. Кемеңгерұлы Қ. Қазақ тарихынан. «Ақиқат», 1993, № 10, 73-77- бет.
3. Абай және қазіргі заман. Жинақ. А., 1994, 161- бет.
4. Әуезов М. 19-том. 1985, А.. 39- бет.
5. Кемеңгерұлы Қ. Көркем әдебиет туралы. «Қазақ әдебиеті», 1989, 21 шілде.
6. Субханбердина Ү. Дала уалаяты газеті. А., 1994, 6- бет.

Резюме

В данной статье автор исследует научное наследия известного общественного деятеля, представителя литературы «Алаш» Кошке Кемеңгерова.

Resume

In this article the author explores the scientific heritage of famous public figures, literature «Alash» Koshke Kemengerov.

Resume

Bu makalede yazar, edebiyat tarihimizde ‘Alaş’ akımınının yeri ve önemini araştıran Köşke Kemengeroğlu’nu anlatmaktadır.

